ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ОСАКАРОВ АУДАНЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№13 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №13»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ОСАКАРОВСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

# БҰЙРЫҚ

# ПРИКАЗ

17 мамыр 2023 ж.

№ 33

**2023 жылғы жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы**

Қарағанды облысы әкімінің «2020-2023 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» 02.02.2020 жылғы №3-Р өкімін және «Осакаров ауданының білім бөлімі» ММ-нің 15.05.2023 ж. №186 «Жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» бұйрығын орындау үшін 11.04.2023 жылғы №139 «Бірлескен бұйрықпен»ЖСМ ұйымдастыру кезінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мектеп жанындағы лагерьдің жұмысын келесі мерзімде ұйымдастыру:
1 маусым-5 маусымнан 20 маусымға дейін,
2 маусым - 26 маусымнан 11 шілдеге дейін,
3 маусым-1 тамыздан 16 тамызға дейін.

2.Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру және бақылау үшін мына құрамда штаб құрылсын:
1.Горбачева Л. В. - мектеп директоры
2.Мерещанова А. В. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3.Ладнер Т. В. - мектеп жанындағы лагерьдің 1 маусымының бастығы
4.Берік С. Б. - мектеп жанындағы лагерьдің 2 маусымының бастығы
5.Оленникова О. В. - мектеп жанындағы лагерьдің 3 маусымының бастығы
6.Рукавишникова А. В. - медицина қызметкері.

3.Мектеп жанындағы лагерьде жұмыс істейтін педагогтердің тізімі 1,2,3 маусымға бекітілсін (№1 қосымша)

4.Ата-аналардың өтініштеріне сәйкес «Солнышко» мектеп жанындағы лагерь балаларының тізімі бекітілсін (№2 қосымша)

5. Директордың ТІ жөніндегі орынбасары А. В. Мерещановаға:
5.1.Жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдерді жазғы демалысты, сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жасасын;

5.2. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде олардың демалыс орындарындағы тиісті санитарлық-гигиеналық жай-күйі және сапалы медициналық қызмет көрсету бойынша жағдай жасалсын;
5.3. Жетім балалар, ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедек балалар және даму мүмкіндігі шектеулі балалар, аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасылардан шыққан балалар үшін жазғы демалыс кезеңінде бірінші кезектегі тәртіппен тегін тамақтануы қамтамасыз етілсін.
5.4.Желдету режимін, санитариялық-эпидемияға қарсы, дезинфекциялық режимдері сақталсын;
5.5.Ауыз су режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптары сақталсын;
5.6. Балалардың жол-көлік жарақаттануының, өртке қарсы қауіпсіздіктің және судағы қауіпсіздіктің алдын алу жөніндегі іс-шаралары жүргізілсін;
5.7. Балалардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде балалардың демалу орындарында санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау бойынша жағдайлар жасалсын.
5.8.Девиантты мінез-құлықтағы балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, жұмыспен қамтылуын және сауықтырылуын ұйымдастыру үшін жағдай жасалсын;
5.9.Мектеп орманшылықтары мен көгалдандыру бригадаларының санын көбейту, олардың жұмысын жандандыру жолымен мектеп аумақтарын абаттандыру мен көгалдандыруға белсенді қатыссын.
5.10. Мектеп жанындағы сауықтыру лагеріне арналған үй-жайлары жабдықталсын.
6.Лагерь басшылары жазғы демалысқа арналған іс-шаралар жоспарын әзірлесін.
7.Әр маусымның аяқталуы бойынша есебі білім бөліміне ұсынылсын (фотоесеп қоса берілсін), сондай-ақ қорытынды есеп білім бөліміне 2023 жылғы 15 тамызға дейін ұсынылсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ТІ жөніндегі орынбасары А. В. Мерещановаға жүктелсін.

Мектеп директоры Л. Горбачева

Бұйрықпен таныстырылды:
Мерещанова А. В. ____________
Ладнер Т. В. ____________
Берік С. Б. ____________
Оленникова О. В. ____________
Рукавишникова А. В. ____________